

Елтебаевтың есімі ұлықталса дейміз

Елтебаев Төкен Сауытбайұлы Торғай өңірінен алғашқы жоғары білім алған музыка маманы. 1959 жылы Алматыдағы Құрманғазы атындағы консерваторияның ұлт - аспаптар факультетін бітірген.

Институтта оқып жүріп 1957 жылы Дүниежүзі жастары мен студенттерінің Мәскеуде өткен VI фестиваліне қатысып, алғыс хатпен марапатталған.

Оқуын бітіре салысымен, туған жеріне келіп, Аманкелді аудандық халық театрын құрып, ұлт - аспаптар оркестрін ұйымдастырған. 1966 – 1974 жылдары Аманкелді аудандық мәдениет бөлімін басқарды. 1974

жылы жаңадан ашылған Торғай облыстық музыка – драма театрының директоры болып тағайындалды. 1975 – 1980 жылдары облыстық филармонияның көркемдік жетекшісі болды. Осы жұмысты атқара жүріп, республикалық тұңғыш фольклорлық «Шертер» ұлттық аспаптар ансамблін ұйымдастырды. 1980 жылы Арқалық қаласында ашылған музыка училищесінің директоры болып жемісті еңбек етті.

Осындай зор еңбек жасап, Арқалық қаласының мәдениет саласының жетістіктеріне өзіндік үлесін қосқан Төкен Елтебаевтың есімін жөндеуден өткелі тұрған «Кеншілер сарайына» беруді ұсынамыз.

**К. АҚАН
М. ҚОДЕНОВ
Х. ДОСЖАН**



**Ш. БАЙДІЛДИН
Қ. ЖИЕНБАЕВ
Б. ӘБЕНОВ
Қ. НҰРМАНОВ
Ғ. БІРКЕНОВ
Б. МОЛДАШЕВ**